

Банктің қызмет қабілетін бағалауды жүргізу қағидаларын, жүйелі тәуекелдердің және банк жүйесіне едәуір теріс әсер ету тәуекелдерінің болу өлшемшарттарын, жүзеге асырылудың үздіксіздігін қамтамасыз етуді талап ететін аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болу өлшемшарттарын, сондай-ақ банкті залалға ұшырататын нарықтық емес шарттарда жасалатын мәмілелердің (операциялардың) тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 3 тамыздағы № 118 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 10 тамызда № 39531 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 91-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банктің қызмет қабілетін бағалауды жүргізу қағидаларын, жүйелі тәуекелдердің және банк жүйесіне едәуір теріс әсер ету тәуекелдерінің болу өлшемшарттары, жүзеге асырылудың үздіксіздігін қамтамасыз етуді талап ететін аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болу өлшемшарттары, сондай-ақ банкті залалға ұшырататын нарықтық емес шарттарда жасалатын мәмілелердің (операциялардың) тізбесі бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасының

Банктің қызмет қабілетін бағалауды жүргізу қағидалары, жүйелік тәуекелдердің және банк жүйесіне едәуір теріс әсер ету тәуекелдерінің болу өлшемшарттары, жүзеге асырылудың үздіксіздігін қамтамасыз етуді талап ететін аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болу өлшемшарттары, сондай-ақ банкті залалға ұшырататын нарықтық емес шарттарда жасалатын мәмілелердің (операциялардың) тізбесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Банктің қызмет қабілетін бағалауды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – бағалау), жүйелік тәуекелдердің және банк жүйесіне едәуір теріс әсер ету тәуекелдерінің болу өлшемшарттары, жүзеге асырылудың үздіксіздігін қамтамасыз етуді талап ететін аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болу өлшемшарттары, сондай-ақ банкті залалға ұшырататын нарықтық емес шарттарда жасалатын мәмілелердің (операциялардың) тізбесі (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 91-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және бағалау жүргізу тәртібін, жүйелік тәуекелдердің және банк жүйесіне едәуір теріс әсер ету тәуекелдерінің болу өлшемшарттарын, жүзеге асырылудың үздіксіздігін қамтамасыз етуді талап ететін аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болу өлшемшарттарын, сондай-ақ банкті залалға ұшырататын нарықтық емес шарттарда жасалатын мәмілелердің (операциялардың) тізбесін айқындайды.

2. Қағидаларда Банктер туралы заңда, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аса маңызды банк операциялары және өзге де операциялар – Банктер туралы заңның 22-бабына сәйкес айқындалған, тоқтатылуы немесе бұзылуы банк депозиторларының, өзге де кредиторларының, клиенттерінің және корреспонденттерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығына теріс ықпал етуі мүмкін банк қызметінің түрлері мен операциялары;

2) банктің жұмыс істейтін активтері – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында және №61 қағидаларда белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін

құнсыздану белгілері анықталған және (немесе) оларды іске асырудың немесе өндіріп алудың кредиторлардың талаптарын реттеу үшін қолжетімді нақты мүмкіндігі жоқ активтерді шегергендегі банк активтері;

3) банк жүйесіндегі қаржылық орнықсыздықтың таралуы – банкаралық кредиттер, төлем жүйелері, қаржы нарықтары арқылы меншікті капиталдың жеткіліктілігі және (немесе) өтімділік коэффициенттерінің төмендеуінен, ақшалай міндеттемелердің орындалмауынан немесе банк жүйесінің қаржылық орнықтылығының нашарлауына әкелетін клиенттердің сенімінің төмендеуінен көрініс табатын бір банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауының теріс салдарын басқа банктерге тарату;

4) жұмыс істемейтін қарыздар – бастапқы тану сәтінде құнсыздану туралы растамасы болған, қарыз түріндегі сатып алынған немесе құрылған қаржы активтері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 61 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36994 болып тіркелген) (бұдан әрі – №61 қағидалар) Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларында белгіленген тиісті өлшемшарттарға сәйкес келетін, құнсыздану белгілері айқындалған қарыздар;

5) реттеушілік есептілік – банк Банктер туралы заңның 75-бабының 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 100 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37679 болып тіркелген) Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдарының), банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынатын шоғырландырылған негіздегі есептілікті қоса алғанда, қаржылық және өзге де есептілік ;

6) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.

2-тарау. Бағалау жүргізу қағидалары

3. Бағалауды уәкілетті орган Банктер туралы заңның 91-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша, оның ішінде бағалаушыларды, аудиторлық және (немесе) өзге де мамандандырылған ұйымдарды тарта отырып жүргізеді.

4. Бағалау жүргізу "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-8-бабының 4-

тармағына сәйкес қабылданған банктердің қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдануды реттейтін уәкілетті органның ішкі құқықтық актісінде айқындалатын тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

5. Бағалау Қағидалардың 7-тармағында көзделген ақпарат пен құжаттарды талдау жолымен жүргізіледі.

6. Бағалау жүргізу үшін қажетті ақпарат жеткіліксіз болған кезде уәкілетті орган өз өкілеттіктерін жүзеге асыру шеңберінде алынған не банк ұсынған қосымша мәліметтер мен құжаттарды пайдаланады.

7. Бағалау мынадай ақпарат көздерін пайдалана отырып, бірақ олармен шектелмей жүргізіледі:

уәкілетті орган жүргізетін банк қызметін тексерулер нәтижелері;

уәкілетті орган жүргізетін банк тәуекелдерін қадағалап бағалау нәтижелері;

банктің қаржылық, реттеушілік есептілігі және бухгалтерлік деректер;

банктің сыртқы аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық қорытындылар мен есептер;

уәкілетті органның иелігіндегі не ол бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру шеңберінде алған, қаржылық, бухгалтерлік және экономикалық жағдайы, сондай-ақ банк қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты қамтитын құжаттар мен мәліметтер.

8. Бағалау жүргізу кезінде уәкілетті орган осы Қағидаларда көзделген қорытындыларды қалыптастыру үшін қажетті қолда бар мәліметтерге жан-жақты талдауды қамтамасыз етеді.

9. Бағалау барысында мыналар:

1) банктің қаржылық, бухгалтерлік және экономикалық жағдайы;

2) банкте аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болуы;

3) банкті төлемге қабілетсіз немесе әлеуетті төлемге қабілетсіз деп тану үшін негіздердің болуы;

4) банкті мәжбүрлеп таратумен салыстырғанда банкке реттеу құралдарын қолдану мүмкіндігі мен орындылығы белгіленеді.

10. Банктің қаржылық, бухгалтерлік және экономикалық жағдайын бағалау мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) банк активтері мен міндеттемелерінің құрылымын, оның ішінде түрлері, валюталары және мерзімдері бойынша бөлінген активтер мен міндеттемелердің жиынтық көлемін талдау;

2) банк активтерінің сапасын талдау, оның ішінде:

несие портфелінің көлемі;

мерзімі өткен берешегі бар қарыздар, оның ішінде жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі;

банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға берілген қарыздар көлемі;

№ 61 қағидаларға сәйкес айқындалатын қарыздар бойынша қалыптастырылған провизиялардың жеткіліктілігі және бағалау нәтижелері бойынша қажетті қосымша провизиялардың көлемі;

халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және № 61 қағидаларға сәйкес олардың құрамын, банк активтерінің жалпы көлеміндегі құрылымын және құнсыздану белгілерінің болуын айқындауды қоса алғанда, бағалы қағаздар, негізгі құралдар және дебиторлық берешек құрамы мен құрылымын;

3) банк міндеттемелерін талдау, оның ішінде:

жеке және заңды тұлғалардың валюталар, талап ету мерзімдері бөлінісіндегі депозиттерінің көлемі;

банкаралық міндеттемелердің, тартылған қарыздардың, шығарылған бағалы қағаздардың, реттелген борыштың көлемі;

ірі депозиторларды шоғырландыру;

кредиторлар, депозиторлар және клиенттер алдында мерзімі өткен міндеттемелердің болуы;

4) банктің шартты міндеттемелері мен талаптарын талдау, оның ішінде:

банктің шартты талаптары мен міндеттемелерінің көлемі мен құрамы, №61 қағидаларға сәйкес олар бойынша қалыптастырылған провизиялардың жеткіліктілігі;

5) банктің меншікті капиталының жеткіліктілігін талдау, оның ішінде:

провизияларды қосымша есептеуді және шығындарды тануды ескере отырып, банктің меншікті капиталының мөлшері, сондай-ақ банктің меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерін сақтауы;

6) банктің өтімділігін талдау, оның ішінде банктің өтімділік коэффициенттерін сақтауы, сондай-ақ ағымдағы міндеттемелерді орындау үшін банктің өтімді активтерінің жеткіліктілігі;

7) банктің Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 85 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 38587 болып тіркелген) Әмбебап банк лицензиясы бар банкі, базалық банк лицензиясы бар банкі, ислам банкі сақтауға міндетті пруденциялық нормативтер мен лимиттерде, олардың шекті мәндері және есеп айырысу әдістемелерінде белгілеген өзге де пруденциялық нормативтер мен лимиттерді, сондай-ақ осы тармақтың 5) және 6) тармақшаларында көзделмеген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы №52 қаулысында белгіленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 36722 болып тіркелген) макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін сақтауы;

8) банк қызметінің негізгі көрсеткіштерін талдау, оның ішінде:

қызмет ауқымы мен түрі бойынша салыстырылатын банк кірістілігінің өсудегі көрсеткіштері мен банктердің көрсеткіштерімен салыстырғандағы көрсеткіштері;

банк шығыстары мен кірістерінің арақатынасы;

оларды қалыптастырудың негізгі көздерін қоса алғанда, банктің кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылымы;

9) оларды жасасу нәтижесінде банк шығынға ұшырайтын мәмілелерді (операцияларды) осы Қағидалардың 3-тарауында белгіленген тізбеге сәйкес айқындау.

11. Банктің қаржылық, бухгалтерлік және экономикалық жағдайын бағалау нәтижелері бойынша банкті төлем қабілеті жоқ немесе әлеуетті төлем қабілеті жоқ не қаржылық орнықтылықты қалпына келтірудің өзектендірілген жоспарын орындау шартымен қаржылық орнықтылықты қалпына келтіруге қабілетті деп тану үшін негіздердің болуы немесе болмауы айқындалады.

12. Банкті төлемге қабілетсіз немесе ықтимал төлемге қабілетсіз деп тану үшін негіздер болған кезде банкке Банктер туралы заңның 93-бабында көзделген мынадай реттеу құралдарын қолданудың ықтимал және орынды екендігі талданады:

реттеу режиміндегі банктің акцияларын жаңа инвесторға мәжбүрлеп сату;

реттеу режиміндегі банктің міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау;

реттеу режиміндегі банктің активтері мен міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін басқа банкке (басқа банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операция;

тұрақтандыру банкін құру және оған реттеу режиміндегі банктің активтері мен міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін беру.

13. Реттеу құралдарын қолданудың орынды екендігін бағалау кезінде:

1) банктің міндеттемелерін реттеу үшін банктің қолжетімді жұмыс активтерінің көлемі;

2) Банктер туралы заңның 123-бабында белгіленген кредиторлардың әрбір кезегі үшін талаптардың құны;

3) банк реттеу режимін қолданбай мәжбүрлеп таратылған жағдайда олардың шығындарымен салыстырғанда әрбір реттеу құралын қолданған кезде депозиторлар, өзге кредиторлар, клиенттер мен корреспонденттер шығындарының мөлшері;

4) Қағидалардың 4-тарауына сәйкес жүйелік тәуекелдердің және (немесе) банк жүйесіне елеулі теріс әсер ету тәуекелдерінің болуы;

5) Қағидалардың 5-тарауына сәйкес банкте аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болуы.

14. Жүйелік маңызы бар банкке қатысты жүйелік тәуекелдерді азайту және банк жүйесіне айтарлықтай теріс әсердің алдын алу үшін реттеу режиміне мемлекеттің қатысу мүмкіндігі мен орындылығы қосымша бағаланады.

15. Реттеу құралдарын қолдану мүмкін және (немесе) орынды болмаған кезде банкті Банктер туралы заңның 91-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес

кейіннен мәжбүрлеп тарата отырып, операциялардың барлық түрін жүзеге асыруға арналған лицензиядан айырудың орынды екендігі талданады.

16. Бағалау нәтижелері бойынша есеп қалыптастырылады, ол мыналарды қамтиды:

1) осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген банктің қаржылық, бухгалтерлік және экономикалық жағдайын талдау;

2) қаржылық орнықтылықты қалпына келтірудің өзектендірілген жоспары орындалған жағдайда банкті төлемге қабілетсіз немесе ықтимал төлемге қабілетсіз не қаржылық орнықтылықты қалпына келтіруге қабілетті деп тану үшін негіздердің болуы немесе болмауы туралы қорытынды.

Банкті төлемге қабілетсіз немесе ықтимал төлемге қабілетсіз деп тану үшін негіздер болған кезде мыналар анықталады:

1) Қағидалардың 4-тарауына сәйкес жүйелік тәуекелдердің және банк жүйесіне елеулі теріс ықпал ету тәуекелдерінің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер;

2) Қағидалардың 5-тарауына сәйкес банкте аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болуы;

3) жоюмен салыстырғанда реттеу құралдарын қолданудың мүмкіндігі және орындылығы;

4) жүйелік маңызы бар банкке қатысты – реттеу режиміне мемлекеттік қатысудың мүмкіндігі және орындылығы.

17. Бағалау нәтижелері бойынша уәкілетті орган Қағидалардың 16-тармағында көзделген есеп негізінде банкті:

қаржылық орнықтылықты қалпына келтірудің өзекті жоспарын орындау шартымен қаржылық орнықтылықты қалпына келтіруге қабілетті;

төлемге қабілетсіз немесе ықтимал төлемге қабілетсіз деп тану туралы шешім қабылдайды.

Бағалау нәтижелерін уәкілетті орган Банктер туралы заңның 91-бабына сәйкес шешімдер қабылдау кезінде пайдаланады.

3-тарау. Банкті залалға ұшырататын нарықтық емес шарттарда жасалатын мәмілелердің (операциялардың) тізбесі

18. Нарықтық емес шарттарда жасалатын және банкті залалға ұшырататын мәмілелерге (операцияларға) шарттары бағаның, сыйақы мөлшерлемесінің, қамтамасыз етудің мерзімінің, тәуекелдің және өзге де коммерциялық шарттардың нарықтық өлшемдерінен негізсіз ауытқитын мыналарды қоса алғандағы, бірақ олармен шектелмейтін операциялар және (немесе) мәмілелер жатады:

1) мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жүзеге асырылғандарды қоспағанда, мынадай шарттардың біріне сәйкес келетін мәмілелер:

берілген банктік қарыз сомасы қарыз алушының қаржылық жағдайына және (немесе) кірістеріне (егер олар бар болса, қоса қарыз алушыларды ескере отырып), сондай-ақ кепілмен қамтамасыз ету құнына сәйкес келмейді;

борышкердің сыйақы төлеуі және (немесе) банк операциялары бойынша негізгі борышты өтеуі бойынша төлемді кейінге қалдыру бір жылдан асады;

борышкерден алынатын пайыздық мөлшерлемелердің мөлшері ұқсас банктік операциялар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелерден едәуір төмен;

2) борышкерлердің міндеттемелері бойынша борышкердің қаржылық жағдайына және (немесе) кірісіне сәйкес келмейтін сомаға немесе борышкерге кері талап қою (регресс) құқығынсыз банк кепілдіктерін немесе кепілдемелерін беру;

3) банктің ірі акционерлерінің және (немесе) басшы қызметкерлерінің талаптарын мерзімінен бұрын қанағаттандыруға алып келетін мәмілелер;

4) талаптары мәміленің тарапы болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаның банк алдында өзіне жүктеген қаржылық міндеттемелерінен толығымен немесе ішінара бас тарту құқығын көздейтін мәмілелер;

5) нәтижесінде банк активтерінің сапасы нашарлайтын мәмілелер (операциялар), оның ішінде активтерді, кепіл нысанасын сату, ауыстыру, егер аталған мәмілелер (операциялар) Банкті залалға әкеп соқтырса;

6) Банкті залалға ұшырататын нарықтық емес шарттарда жасалатын мәмілелер (операциялар), сондай-ақ банктің ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен Банктер туралы заңның 50-бабында белгіленген талаптарды және (немесе) қадағалап ден қою шараларын қолдану арқылы уәкілетті орган белгілеген шектеулерді бұза отырып жасалған мәмілелер;

7) банктің депозиторлар және (немесе) өзге кредиторлар алдындағы ақшалай міндеттемелерді толық немесе ішінара орындай алмауына әкеп соққан міндеттемелерді банктің қабылдауы;

8) мүлікті (оның ішінде уақытша пайдалануға) өтеусіз не салыстырмалы экономикалық жағдайлар кезінде ұқсас мүліктің бағасынан банк үшін нашар жаққа айтарлықтай ерекшеленетін баға бойынша не банк депозиторларының және (немесе) өзге де кредиторларының құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін негіздер болмаса беру.

19. Қағидалардың 18-тармағының 1) және 2) тармақшаларының талаптары мәміле мөлшері:

1) банк үшін:

меншікті капиталы 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңгені қоса алғандағы сомаға дейінгі банктер үшін – мәміле жасау туралы шешім қабылданған күні банктің меншікті капиталының 2 (екі) және одан да көп пайызын;

меншікті капиталының мөлшері 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңгеден асатын банктер үшін – мәміле жасау туралы шешім қабылданған күнгі банктің меншікті капиталының 1 (бір) және одан көп пайызын;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы үшін:

осындай активтердің мөлшері 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңгені қоса алғандағы сомаға дейінгі филиалдар үшін – мәміле жасау туралы шешім қабылданған күні резерв ретінде қабылданатын активтердің 2 (екі) және одан да көп пайызын;

осындай активтердің мөлшері 100 000 000 000 (жүз миллиард) теңгеден асатын филиалдар үшін – мәміле жасау туралы шешім қабылданған күні резерв ретінде қабылданатын активтердің 1 (бір) және одан да көп пайызын құрайтын жағдайларға таралады.

4-тарау. Жүйелік тәуекелдердің және банк жүйесіне едәуір теріс әсер ету тәуекелдерінің болу өлшемшарттары

20. Бағалау кезінде жүйелік тәуекелдердің және банк жүйесіне едәуір

теріс әсер ету тәуекелдерінің болуы мынадай, бірақ олармен шектелмейтін өлшемшарттарды есепке ала отырып айқындалады:

банк жүйелік маңызы бар немесе әлеуетті жүйелік маңызы бар деп танылған;

банк банк конгломератының құрамына кіреді және оның қаржылық орнықсыздығы конгломераттың өзге де қатысушыларының қаржылық орнықтылығына жағымсыз әсер етуі мүмкін;

банктің қаржылық орнықсыздығы банк жүйесіндегі қаржылық орнықсыздығын тарату тәуекелін тудырады;

банктің қаржылық орнықсыздығы елдік тәуекелдің өсу тәуекеліне алып келеді.

5-тарау. Аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болу өлшемшарттары

21. Бағалау кезінде банк қызметінің жеке ерекшеліктерін және мынадай өлшемшарттарды ескере отырып, аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың болуы айқындалады:

банктің банк нарығындағы және (немесе) қаржы нарығындағы үлесі, сондай-ақ оның қаржылық қызметтер нарығындағы банк өнімдерінің үлесі;

банктің көлемі және оның корпоративтік басқару жүйесінің ерекшеліктері;

банктің тәуекелдер бейіні;

банктің әлеуметтік функциялары, сондай-ақ экономиканың нақты секторына әсер ететін функциялар.

22. Банктің жеке сипаттамаларын ескере отырып, аса маңызды банк операцияларына және өзге де операцияларға мыналар жатады:

1) депозиттер тарту және банк шоттарын жүргізу – депозиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, банк жүйесіне деген сенімді қолдау үшін олардың маңыздылығына байланысты аса маңызды болып табылатын депозиттерді қабылдау және депозиторлардың шоттарына қызмет көрсету жөніндегі операциялар.

Депозиттерді тарту жөніндегі операцияларды аса маңызды банк операцияларына және өзге де операцияларға жатқызу кезінде "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік берілетін депозиттердің үлесі ескеріледі;

2) кредит беру – тұтынушылық, ипотекалық, қамтамасыз етілмеген және қарыздардың өзге де түрлерін қоса алғанда, жеке және заңды тұлғаларға қарыздар беру жөніндегі операциялар.

Кредит беруді аса маңызды банк операцияларына және өзге де операцияларға жатқызу кезінде кредиттік портфельдің көлемі мен құрылымы, қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген қарыздардың арақатынасы, қарыз алушылардың санаттары мен саны, өтімділік және қарыздарды өтеу мерзімдері ескеріледі.

3) төлем қызметтері, қолма-қол есеп айырысулар, клирингтік, есеп айырысу және депозитарлық қызметтер – жеке және заңды тұлғаларға төлем, кассалық, есеп айырысу, клирингтік және депозитарлық қызметтер көрсету жөніндегі операциялар.

Көрсетілген қызметтерді аса маңызды банк операцияларына және өзге де операцияларға жатқызу кезінде клиенттер мен көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің саны, операциялардың түрлері мен көлемі, төлем карточкаларымен операциялардағы банктің үлесі, сондай-ақ көрсетілетін төлем қызметтерінің түрлері ескеріледі.

Банк жалақы есептеу бойынша операцияларды жүзеге асырған жағдайда тиісті клиенттердің саны және осындай операциялардың көлемі ескеріледі;

4) бағалы қағаздар нарығындағы қызметтер – брокерлік және дилерлік қызметті, сондай-ақ депозитарлық қызметті жүзеге асыру жөніндегі операциялар.

Көрсетілген қызметтерді аса маңызды банк операцияларына және өзге де операцияларға жатқызу кезінде операциялардың көлемі мен түрлері, клиенттердің саны, сондай-ақ қаржы нарығының жұмыс істеуі үшін көрсетілген қызметтердің маңыздылығы ескеріледі.

23. Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген функциялардан басқа, аса маңызды банк операцияларына және өзге де операцияларға, оның ішінде банк қызметінің ауқымын, жүзеге асырылатын операциялардың сипатын, түрлері мен күрделілігін, сондай-ақ олардың әлеуметтік және экономикалық маңыздылық дәрежесін ескере отырып айқындалатын банк операциялары жатады.

24. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның үздіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті банктердің болуын және осындай функцияны

жүзеге асыру үшін қажетті қаржы инфрақұрылымы объектілерінің жұмыс істеуін ескере отырып, басқа банктер әрбір аса маңызды банк операциясын және өзге де операцияны жүзеге асыру мүмкіндігін бағалайды.

25. Әрбір аса маңызды банк операциясын және өзге де операцияны алмастыруды бағалау нәтижелері бойынша басқа банктер мынадай мәртебелердің бірін береді:

алмастыру мүмкін емес – функцияны ақылға қонымды мерзімде және оны орындауға жұмсалатын шығындардың салыстырмалы деңгейінде орындауды қамтамасыз етуге қабілетті банктер жоқ;

шектеулермен алмастыру мүмкін – функцияны басқа банктер қамтамасыз етуі мүмкін, бірақ қосымша ресурстар мен уақытты талап етеді;

алмастыру мүмкін – функцияны орындауды басқа банктер шектеусіз қамтамасыз етуі мүмкін, оның орындалуы мерзіміне, көлеміне және құнына әсер етеді.

26. Аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың бұзылушылық салдарын немесе орындалуын кешіктіруді бағалау кезінде олардың банктік қызмет көрсету және нақты экономика үшін маңыздылығы, сондай-ақ банк және (немесе) қаржы секторының тұрақтылығына әсері ескеріледі.

27. Аса маңызды банк операцияларының және өзге де операциялардың бұзылушылығын немесе орындалуын кешіктіруді бағалау нәтижелері кезінде мынадай әсер ету деңгейлерінің бірі беріледі:

едәуір теріс әсер ету – олардың жұмыс істеуінің бұзылуына әкелетін банк және (немесе) қаржы секторына, нақты экономикаға және үшінші тұлғаларға теріс әсер етеді;

орташа теріс әсер ету – банк және (немесе) қаржы секторына, нақты экономикаға және үшінші тұлғаларға теріс әсер етеді және олардың жұмыс істеу жағдайларының нашарлауымен қатар жүреді;

ең аз теріс әсер – олардың жұмыс істеу жағдайларын нашарлатпай банк және (немесе) қаржы секторына, нақты экономикаға және үшінші тұлғаларға ең аз әсер етеді.